

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 1254 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 наурыздағы N 177 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1349 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1349 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Акциздердің бюджетке толық түсуін қамтамасыз ету және акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің заңсыз өндірісі мен айналымын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 1254 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 48, 600-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. 2007 жылғы 15 сәуірден бастап алкогольдік өнімді жаңа үлгідегі есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау енгізілсін.

2-2. Ескі үлгідегі есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау 2007 жылғы 1 маусымға дейін жүргізіледі.";

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Алкоголь өнімін өндірушілер мен импорттаушылар, алкоголь өнімін сақтауды және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылар отандық және импорттық өндірістің алкоголь өнімін ескі үлгідегі есепке алу-бақылау таңбаларымен сатуды 2007 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырады деп белгіленсін.";

3 ) 5 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "есепке алу-бақылау таңбаларымен" деген сөздердің алдынан " жаңа үлгідегі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2007 жылғы 1 мамырға дейін есепке алу-бақылау таңбаларын дайындайтын ұйымды айқындайтын тендер өткізсін және тендердің жеңімпазымен есепке алу-бақылау таңбаларын дайындауға шарт жасассын;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) есепке алу-бақылау таңбаларын пайдалана отырып, алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымына бақылау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Банкнот фабрикасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен есепке алу-бақылау таңбаларын дайындауға тендердің жеңімпазынан алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау таңбаларының бірінші легі алынғанға дейін есепке алу-бақылау таңбаларын дайындауға шарт ( к е л і с і м ) ж а с а с с ы н ; " ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Шарап материалдары мен сыраны қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау ережесінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Есепке алу-бақылау таңбаларымен міндетті түрде таңбалауға жататын алкоголь өнімі есепке алу-бақылау таңбаларымен осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша таңбаланады." ;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 1 н а у р ы з д а ғ ы

№ 1 7 7 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Шарап материалдары мен сыраны

қоспағанда, алкоголь өнімін есепке

алу-бақылау таңбаларымен таңбалау ережесіне

қосымша

**Алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау таңбасының нысаны**  
*(суреттің нұсқасын қағаз мәтіннен қараңыз)*